



## № 38 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Инфляциялық таргеттеу режиміне өту туралы

2015 жылғы 21 тамыз

Алматы қ.

Мұнай және басқа да шикізат тауарларына бағаның едәуір төмендеуі, Қазақстанның негізгі сауда әріптес елдерінің ұлттық валюталарының құлдырауы, сондай-ақ нарықтың АҚШ долларын нығайту бойынша күтулері сияқты ұзақмерзімді сипаттағы сыртқы күйзелістердің өсуі жағдайларында, Ұлттық Банк пен Үкімет экономиканың орнықты ұзақмерзімді өсуін қамтамасыз ету үшін шаралар топтамасын әзірледі.

Үкімет пен Ұлттық Банк 2015 жылғы 20 тамыздан бастап теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өту туралы шешім қабылдады. Нарықтық айырбастау бағамын қалыптастыру орнықты экономикалық өсуге қолдау көрсету және сыртқы күйзелістерді сіңіру үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өту инфляциялық таргеттеуді енгізудің бір шарты ретінде Ұлттық Банк Басқармасының шешімімен 2015 жылғы сәуірде мақұлданған Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясатында көзделген.

Айырбастау бағамының жаңа режимі Ұлттық Банктің пайыздық мөлшерлемелерінің ақша нарығындағы қысқамерзімді мөлшерлемелерге ықпалын арттырады. Өз кезегінде, ақша нарығының мөлшерлемелері экономикадағы кредиттік ресурстардың және инвестициялардың құнына, іскерлік белсенділік пен инфляцияға әсер ететін болады.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі атаулы пайыздық мөлшерлемелерге әсер ететін басты құрал болып табылады. Ақша-кредит саясатының қалған құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге тәуелді болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 46 39

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)